

АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ. МОНОГРАФИЯ



«Адамзаттың Абайы» — әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған ұжымдық монография. Монография пәнаралық мазмұнымен ерекшеленеді.

Монографияда қарастырылған іргелі мәселе – Абай ілімі. Абай ілімінің адамзаттың бәріне ортақ игі және ізгі құндылықтары әр қырынан зерттеліп, әлеуметтік маңызы бар ойлар мен тұжырымдар негізделген.

Монография әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Басқарма Бастығы-Ректор Ж.Қ. Түймебаевтың «Адамзаттың Абайы» атты монографиялық тарауымен басталады. Онда Абайды таныту бүгінгі зерттеуші ғалымдарымыздың борышы, парызы екені туралы өзекті ойлар мен тиянақты пікірлер дәйектелген. Университет

ғалымдарының абайтану саласында қол жеткізген жетістіктері абайтану ғылымының дамуына қосылған үлкен үлес ретінде бағаланған. Фараби университетінің «Абай ілімі» оқу пәнінің пәнаралық мазмұны, пәнді оқып білудің, түсінудің және өмірде қолданудың әлеуметтік маңызының жоғары екені жайында сындарлы ойлар айтылған. «Абай ілімі» оқу пәнін жоғары білім беру бағдарламаларының бірінші циклындағы жалпы білім беретін пәндері тобындағы міндетті пән ретінде оқыту ұлы ақынның 180 жылдығы тұсындағы мемлекеттік маңызы бар жетістік болатынына назар аударылған.

Университеттің ардагер ұстазы, профессор Ж. Түрікпенұлының монографиялық тарауында академик Төлеген Тәжібайұлының Абай шығармаларын психологиялық тұрғыдан зерттеудің іргелі мәселелері пайымдалған.

Монографияның «Абай және ислам мәдениеті» тарауында Абайдың шығармашылық ойлау жүйесіндегі, көркемдік әлеміндегі, ілімінің негізіндегі ислам мәдениетінің рухани құндылықтары зерттелген. Абайдың ақындық дүниетанымы, ілімі ислам мәдениетінің рухани құндылықтарымен байытылған ізгі, ел үшін игілікті қағидалардың асыл арнасында түзілгені зерделенген. Тарауды профессор Ж. Дәдебаев жазған.

Профессорлар Д. Ысқақұлының «Данышпан ақын», Қ. Әбдезұлының «Абай және қазақ әдебиетіндегі дастандық дәстүр» тарауларында Абайдың шығармашылық мұрасының айрықша жарқын қырлары ашылған, Абайдың көркемдік-эстетикалық дәстүрінің кейінгі дәуірлердің рухани әлеміндегі маңызы мен мәні сараланған.

Профессорлар Қ. Мәдібай, Т. Есембеков, Р. Тұрысбек, И. Жеменей, Ә. Тарақов, С. Құлбарақ, А. Мәуленов, Л. Мұсалы жазған тарауларда Абайдың шығармашылық мұрасының әлеуметтік маңызы үлкен іргелі мәселелері қарастырылып, бүгінгі абайтану ғылымы үшін жаңа және әлеуметтік маңызы жоғары тұжырымдар жасалған.

Монографияда Абай институтының жас ғалымдары Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы А. Кенжеқожаева сынды докторанттардың зерттеулері жаңа лебімен, байыпты талдауларымен, ойлы пікірлерімен ерекшеленеді.

Монография Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеуші жастар мен «Абай ілімі» пәнін оқып жүрген студенттер үшін пайдалы.

Абай институтының ақпараттық қызметі